

УДК 327

Р. Ахмет,
Қазақстан Республикасының
Үндістандағы Елшілігінің кеңесшісі

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҮНДІСТАННЫҢ САЯСИ, САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ САЛАЛАРЫНДАҒЫ АРАҚАТЫНАСЫ ЖАЙЛЫ

Қазақстанның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылы 14 желтоқсанда Қазақстан халқына жасаған жолдауын басшылыққа ала отыра ҚР Сыртқы істер министрлігі Үндістан Республикасымен екіжақты қарым-қатынасты дамыту мен стратегиялық әріптестікті тиісті мазмұнмен толтыру бағытында дәйекті жұмысын жоспарлы түрде жүргізуде. Бұл жұмысты жүргізуде болмыш елдің Оңтүстік Азия өңіріндегі және дүниежүзілік қоғамдастықтағы рөлі аса ескеріліп, стратегиялық мақсаттарда бағыт-бағдар беруде.

Қазіргі кездегі елдегі инфляцияның өсуі, бензин және азық-түлік бағаларының шарықтауына қарамастан, Үндістан экономикасы өзінің жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) көлемі бойынша әлемдегі ірі елдердің бірі болып табылады. Тәуелсіз мамандардың болжауларына сәйкес 2020 жылға қарай Үндістанның ЖІӨ 6 трлн. АҚШ долл. дейін өсуі мүмкін. Соңғы жылдары үнді үкіметі мемлекет экономикасын әлемдегі ең жедел дамып отырған Қытайдан кейінгі екінші экономика ретінде қарастырып, осы бағытта экономиканы жедел дамыту көздерін табуда.

Үндістанның кең және өскелең ішкі нарығы дүниежүзінде шетелдік компаниялардың қызығушылығын тудыратын бірден бір орын болып табылады. Кенттену үдерістерінің жедел дамуы, үнді орта табы қатарының өсуі, баспасөз, сондай-ақ электрондық БАҚ әсерінің және оның қамту аймағының кеңеюі үнді халқының тұтыну стандарттарының өзгеруіне алып келуде.

Қазіргі уақытта инновациялық технологиялардың дамуына үлкен назар аударылып, Үндістан экономикасын инновациялық жолына шығару алдымен атом энергетикасы, ғарыш, коммуникация, нано-биотехнологиялар, автокөлікжасау, электрондық өнеркәсіп және фармацевтика салаларында орын алуда.

Осындай жағдайда дамудың сатыларынан өтіп келе жатқан Үндістанмен саяси, сауда-экономикалық және мәдени байланысқа келу қазақ дипломатиясының алға қойған үлкен міндеттерінің бірі болып табылады. Екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнатылғандығының 20 жылдығы болып өткен 2012 жыл барысында тараптардың үлкен белсенділігімен атап өтілді және екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға және болмыш уағдаластықтарды жалғастыру мен жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралар өзінің мақсатынан шыға білді.

Баса айта көтерлік жайт, соңғы жылдары екіжақты қарым-қатынастарда белгілі белсенділік пайда болып, тараптар үдемелі даму сатысына көтерілуде. Бұл қарым-қатынастар ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтің 2009 жылы қаңтардағы Үндістанға сапары кезінде негізі қаланған және 2011 жылы сәуірде Үндістанның Премьер-министрі М.Сингхтің Қазақстанға ресми сапары кезінде нығайған екіжақты стратегиялық әріптестік аясында дамуда.

Екіжақты ынтымақтастықтың саяси саласындағы орын алған елеулі оқиғалар ретінде бұрынғы ҚР Президентінің Көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы М.Тәжиннің 2012 жылы ақпанда және Сыртқы істер министрі Е.Ыдырысовтың 2013 жылы наурыздағы Үндістанға сапарлары және 2012 жылы наурызда Делиде Қазақстан мен Үндістан сыртқы істер министрліктері арасында өткен саяси консультациялардың кезекті отырысын атап өтсе болады. Қазақстандық делегацияны ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Қ.Сарыбай басқарып, үнді тарапынан ҰР Сыртқы істер министрінің шығыс елдерімен ынтымақтастық жөніндегі орынбасары С.Сингх төң төрағалық етті.

Сапар барысында М.Тәжин өзінің үндістандық әріптесі ҰР Премьер-министрінің Ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі кеңесшісі Ш.Менонмен кездесуі барысында бірқатар екіжақты, өңірлік және халықаралық мәселелерді талқылап өтті. Атап айтқанда, қазіргі кездегі Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыру, Орталық – Оңтүстік Азия, халықаралық лаңкестік пен есірткі айналымына, халықаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес мәселелері сөз болды. Сапар бағдарламасының шеңберінде М.Тәжин, сонымен қатар, ҰР Қорғаныс зерттеулері және талдау институтында (Institute for Defence Studies and Analyses) жергілікті сарапшыларға арнайы дәріс оқып, өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты.

ҰР Сыртқы істер министрінің Еуразия елдері жөніндегі орынбасары С.Сингхпен өткен жүздесуі барысында, тараптар ҚР мен ҰР арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар

орнатылуының 20 жылдығына, Үкіметаралық комиссия және басқа да екіжақты ынтымақтастық механизмдерінің жұмыстары мен перспективаларына, «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізі жобасы және басқа да сауда бағыттарына, тауар айналымы көрсеткішін көтеру жолдарына, стратегиялық серіктестікті дамыту мүмкіндіктеріне, БҰҰ, АӨСШК және ШЫҰ сияқты халықаралық ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастықты тереңдету қажеттіліктеріне назар аударды.

М.Тәжиннің Үндістанға сапарының нәтижесінде ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығы мен ҰР Ұлттық Қауіпсіздік Кеңесі Хатшылығының арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

Қазақстанның сыртқы істер министрі Е.Ыдырысовтың Үндістанға сапарының басты нәтижесі – тараптардың өзара ынтымақтастықтың деңгейін одан да жоғары көтеруге дайын екендігі және өзара саяси мәселелердің жоқтығы, өзекті халықаралық мәселелердегі ұстанымдарының ұқсастығы екі елдің достық қарым-қатынаста екендігінің белгісі болып табылды. Достық арақатынастар Министрдің Үндістанның вице-президенті – ҰР Жоғары палатасының төрағасы Хамид Ансаримен, Үндістанның сыртқы істер, мұнай мен газ министрлері С.Хуршид пен В. Мойли және үнді қоғамдастығымен өткізілген «Қазақстан мен Үндістан ынтымақтастығы мен перспективалары» атты дөңгелек үстел барысында саяси фон ретінде болып, келіссөздердің нәтижелі өтуіне үлкен себеп тигізді.

Келіссөздер барысында үнді тарапының АӨСШК ұйымының жұмысын, 2017–2018 жж. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне Қазақстан кандидатурасын қолдауы, Ауғанстан, Таяу Шығыс және басқа да өзекті өңірлік және халықаралық мәселелер бойынша ұқсас ұстанымдары үнді басшылығының осы мәселелерге Астананың беріп отырған маңыздылығы мен қабылдап отырған шараларына оңтайлы қарайтындығын көрсетті. Бұл аталмыш мәселелерді түрлі форумдар мен конференциялар шеңберінде шешуде екі елдің өз бастамаларын үйлестіруіне себеп болуы мүмкін.

Тараптар қазіргі дүниежүзілік қауымдастықтағы алып отырған жағдайға байланысты халықаралық лаңкестік, ұйымдасқан қылмыс пен заңсыз есірткі айналымының өсуіне алаңдаушылық білдіріп, осы бағыттағы жұмыстарды біріге жүріп іске асырудың қажеттігіне тоқталды. Халықаралық аренадағы біріге істейтін жұмысқа орай үнді тарапы Ауғаныстандағы бейбіт өмірді қайта қалпына келтіру мақсатындағы іс-шараларды айта келе осы бағыттағы тараптардың ынтымақтастығына назар аударды. Айта кетерлік жайт, үнді министрінің ү.ж. сәуір айында Алматыда Ауғаныстан жағдайына байланысты сыртқы істер министрлерінің «Стамбұл үдерісінің» аясында өткен кезекті жиылысына белсенді қатысып, қолғабыс беруі осы ынтымақтастықтың бір көрінісі болып саналады.

Соңғы кездерде әртүрлі дәрежедегі сапарлармен алмасуына қарамастан Үндістан мен Қазақстанның сауда-экономикалық саласындағы өзара ынтымақтастығы екі елдің әлеуетінен төмен болып саналады. Алайда, 2012 жылы екі ел арасындағы сауда көрсеткіші жарты млрд АҚШ долларынан асып, 2011 жылғы көрсеткіштен екі есеге көбейген. Бұл жетістік Үндістанның Орта Азия елдерімен сауда көрсеткішінің ортақ жиынтығынан биік болып саналады.

Сауда-экономикалық саласының дамуы мен нығаюын қадағалайтын Қазақстан мен Үндістанның үкіметаралық сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік және мәдени ынтымақтастық комиссиясының (ҰАК) алар орны ерекше болып табылады. ҰАК-ың кезекті 10-шы отырысы ҚР Мұнай мен газ министрінің орынбасары Б.Ақшолақов пен Үндістанның Мұнай мен табиғи газ министрі В.Мойли қос-төрағалығымен 2013 жылы қаңтар айында Дели қаласында өтіп, екіжақты ынтымақтастықтың барлық салаларында күн тәртібіндегі және өзге де қордаланған мәселелерді талқылап, тиісті шешімдер шығарды. ҰАК-ен бірге екі елдің сауда-экономикалық көрсеткішін жақсарту мақсатында Қазақстан мен Үндістан арасында Біріккен жұмыс топтары жұмыс істеуде. Бұл топтар терроризмге қарсы күрес, әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық, шай қарызы, текстиль, сауда-экономикалық ынтымақтастық, ақпараттар технологиясы салаларында құрылып, өздерінің жиылыстарын жыл сайын өткізіп тұрады.

Тараптардың пікірінше екі ел арасындағы сауда және инвестициялық ынтымақтастықтың одан әрі дамуына Қазақстан мен Үндістан арасындағы қолайлы көлік жолының болмауы аса үлкен кедергі тудыруда. Бұл мәселе Түркіменстан мен Иран аумақтары арқылы Парсы шығанағына шығатын «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізі арқылы шешілуде. Тараптар осы көліктік дәліздің іске қосылуына байланысты тиісті шараларды өткізуде. Атап айтқанда, ү.ж. 11 мамырда Қазақстан мен Түркіменстан президенттері Н.Ә.Назарбаев пен

Қ.Бердімұхамедов осы дәліздің Өзен-Түркіменстан мемлекеттік шекарасы арасындағы учаскелерді өзара түйістірді; ү.ж. 4 мамырда ҰР сыртқы істер министрі С.Хуршид өзінің Тегеранға жасаған сапарында Үндістан Чахбахар порты жобасына қатысып, тиісті қаржы шығаруға дайын екендігін мәлімдеді. Үнді тарапының пікірінше бұл жоба арқылы Үндістанға Орта Азия мен Ресейге тура қатынас жолы ашылып қана қоймай, сонымен бірге Ауғанстанның дүниежүзілік көлік-коммуникациясына Пәкістан ауқымы емес, Иран арқылы жетуіне болады. Аталған дәліздің құрылысында Иранның Чахбахар атты портты қаласына үлкен маңыз беріліп, ол негізгі орталық болып табылмақ. Сондықтан, бұл дәліздің іске қосылуы екі ел сауда-экономикалық ынтымақтастығын көтеріп қана қоймай, жалпы Оңтүстік Азия мен Орталық Азия елдерінің гүлденуіне зор үлес қосады деген үміттеміз.

Тараптар екіжақты қарым-қатынастарда мұнай мен газ саласындағы ынтымақтастықты дамытуды өздерінің басымдық берілген бағыттарының бірі ретінде санайды. 2009 жылдан бері Үндістанның мемлекеттік OVL компаниясы Каспий теңізіндегі Қазақстанның үлесіне жататын Сәтпаев блогының 25% алып, тиісті жұмыстарды бастады. Қазіргі кезде өзінің жылдық пайдаланатын мұнай өнімдерінің 75% шетелден тасымалдауына байланысты Үндістан еліміздегі Қашаған жобасына кіруге үміттенуде. Сонымен қатар үнді тарапы Өзбекстан, Ауғанстан және Пәкстан арқылы өтетін жаңа мұнай құбырының жобасын оңтайлы қарастыруды және Қазақстандағы газ өңдеуші мен мұнайхимия жобаларына қатысуға қызығушылық білдіруде.

Екі ел арасындағы азаматтық ядрерлік энергетика саласындағы ынтымақтастығы жоспарлы түрде даму үстінде. Үнді ядрерлік бағдарламаларының халықаралық оқшаулықтан шыққандығынан бері Қазақстан үшін Үндістанмен азаматтық ядрерлік энергетика саласындағы ынтымақтастығы перспективалы бағытқа айналууда. Осы саладағы өзара әрекеттестік, ҚР-ғы уран өндірісінің 5 есе өсуін және Үндістанның 2020 ж. атомдық энергия станцияларының қуатының 10 есе өсуін назарға ала отыра, қазақстандық атом өнеркәсібінің ұзақ мерзімді даму стратегиясын қамтамасыз етеді.

Аталған саладағы екіжақты ынтымақтастық 2011 жылы 15 сәуірде қол қойылған ҚР Үкіметі мен ҰР Үкіметі арасындағы атом энергиясын бейбіт жолда пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімге сәйкес өрбу үстінде. Осы келісімнің тармақтарын іске асыру мақсатында ү.ж. маусым айында Қазақстанда мамандар отырысы болып, қазан айында «Қазақ атом өнеркәсібінің» басшысы В.Школьник Үндістанға іс сапармен келмекші.

Тараптар екіжақты ядрерлік қатынастарға жаңа серпін беру мақсатында халықаралық форумдар шеңберінде өзара кездесулер өткізуде. Атап айтқанда, 2012 жылы қаңтарда Делиде өткен Ядрерлік қауіпсіздік саммиті ұлттық үйлестірушілерінің кездесуіне ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Қ.Омаров пен ҚР Атомдық комитетінің төрағасы Т.Жантикин қатысып, өзінің үнді әріптестерімен тиісті кездесулер өткізді.

Инновация, ақпараттық және жоғары технологиялар саласы қазақ-үнді ынтымақтастығының болашағы мол бағыттарының біріне айналууда. Қазақ тарапы Үндістанның компьютерлік бағдарламаларды шығару жолында әлемде АҚШ-тан кейінгі 2-ші орын және жалпы ақпараттық технологияларда үздік нәтижелерге жетуін ескере отыра онымен қоян-қолтық ынтымақтастыққа келуге қызығушылық білдіреді. Атап айтқанда, Дели Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық университетінің «Оқудың ақпараттық технологиялар орталығын» құру істеріне белсене қолғабыс беруде. Оның көмегімен аталған Орталыққа үндінің «Парам» атты супер компьютері енгізілмекші.

Соңғы кездері қазақстан тарапы Үндістанның «Орталық Азиямен байланысты кеңейту» бағдарламасына сәйкес теле-білім мен теле-медицина салаларында қызмет көрсетуге арналған «Орталық Азияның электрондық желісіне» қосылуға шақырған ұсынысын қарастырууда. Жалпы, Үндістан Республикасымен ақпараттық технологиялар мен жаңа технологиялар саласындағы ынтымақтастық Қазақстанның инновациялық дамуына және көркеюіне қосымша серпін береді деген сенімдеміз.

Ауылшаруашылығы саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың болашағы жарқын болмақ. Осы саладағы тауар көрсеткішін көтеру мәселесіне орай Үндістанға елімізден бидай тұқымдастарын, ал үнді елінен көкөніс пен жеміс-жидек өнімдерін тасымалдаса, олардың әлеуеті жоғары саналмақ.

Жоғарыда айтылған ҰАҚ-ың отырысында үнді тарапы Қазақстан аумағында карбонат калий, фосфат, мочеина негізіндегі тыңайтқыштың Біріккен өндірісін жасауды және оның өнімін

Үндістанға тасымалдау туралы ұсыныс енгізді. Сонымен бірге Үндістан ауылшаруашылығы өнімдерінің диверсификациясын және ҚР-нің жарамсыз жатқан жерлерін өңдеуде үндінің тәжірибесі мен оның жұмыс күшін пайдаланудың мүмкіндігін қарастыруды сұрады.

Әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты дамыту шеңберінде тиісті жұмыстар жүргізілу үстінде. Атап айтқанда, 2012 жылы Нью-Дели қаласында өткен әскери-қорғаныс жабдықтарының көрмесіне қазақстандық делегация және Астанадағы өткен «KADEX 2012» көрмесіне үнді делегациясының екі жақтық іс сапарлары ұйымдастырылды; Үндістанның Қорғаныс министрлігі әскери Департаменті төрағасының орынбасары И.Р. Шейхтің Астана қаласына Қазақстанның аумағында оқ-дәрі зауытының құрылысы мәселелері бойынша іс сапары ұйымдастырылды; ҰР Қорғаныс министрлігі, «USI» әскери аналитикалық институты, ҰР ҚМ Ұлттық қорғаныс академиясы (Пуна қ.) және ҰР әскери-теңіздік мектебіне (Кочин қ.) ҚР ҚМ Әскери білім беру және ғылым Департаментінің іс сапары ұйымдастырылды.

Азаматтық авиация саласындағы серіктестікті дамыту мақсатында 2012 жылы маусымда өткен Қазақстан мен Үндістан арасындағы азаматтық авиация саласындағы келіссөздердің нәтижесінде тараптар екі ел арасындағы әуе рейстері жиілігін арттыруға келісті. Келіссөздердің арқасында Алматы-Дели-Алматы бағытымен қатынайтын «Эйр Астана» әуе рейстерінің саны аптасына 5-ке дейін өсіп, қазақстандық әуе компанияларының Гоа, Колката және Мумбайға ұшулары қарастырылуда. Қазіргі кезде үнді тарапы ү.ж. маусым-шілде айларынан бастап «Spice Jet» компаниясының Қазақстанға өзінің рейстерін бастайтынын мәлімдеді.

Екі ел арасындағы әуе рейстерінің көбеюі әдетте, екіжақты қарым-қатынасқа белгілі серпін беріп, туризм саласының дамуына қолайлы өсер тигізбек. Қазіргі деректер бойынша, Қазақстанға жылына 6 мыңнан астам үнді азаматтары келетін болса, Қазақстаннан келушілердің саны 9 мыңға жуық болып табылады.

2012–2013 жылдары мәдени-гуманитарлық бағытта төмендегі іс-шаралар өтті: 2012 ж. ақпанда «Тартымды Үндістан» атты деректі фильм түсірілді; ақпанда Делиде Б.Байқадамов атындағы Мемлекеттік әншілік қорының концерті өтті; 27 шілде мен 5 тамыз аралығында Делиде «Osian's-Cinefan» үнді, азиялық және араб фильмдері кинофестиваліне Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ шығарған Ж.Жетіруов режиссерінің «Аққыз» фильмі қатысты; қазанда Дели қаласында «Friendship Film Festival» барысында С.Құрманбековтың «Секер» фильмі көрсетілді; 13 қарашада Мәдени байланыстар жөніндегі үнді кеңесінің ұйымдастыруымен өткен «Мәдениет арқылы достық» атты студенттердің XX жыл сайынғы халықаралық фестиваліне Үндістанда білім алып отырған қазақстандық студенттер қатысты; ү.ж. шілде айында Бурабайда өткен «Бурабай жұлдыздары–2013» атты фестивальға Үндістанның Патиала қаласының бишілері қатысты.

2012 жылы мамырда үнді делегациясы Астанада өткен әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының IV Съезді жұмысына қатысып, Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтің дін саласындағы дүниежүзлік бастамасын ылғый қолдаумен келеді. Делегация құрамына ислам өкілдерінен–«Джамаат-у-Шабаб-и-Ислам» жетекшісі С. Аль-Надви, индуистер делегациясының басшысы С.Сомайя, зороастризм делегациясының басшысы Х.Дхалла және «Өмір сүру шеберлігі» қорының қалаушысы Р.Шанкар кірді. Аталған Съез жұмысына Үндістаннан барлығы 14 делегат қатысты.

Айта кетерлік жайт, Елшілік ҚР Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың аталмыш елде Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық саласындағы жетістіктері мен мәдени мұраларын насихаттау және оның оңтайлы имиджін қалыптастыру жөніндегі нұсқауларын іске асыруда белсенділікпен жұмыс жүргізіп келеді. Осы бағыттағы жұмыстарды жүргізу барысында үнді тарапынан қазақ халқының тарихы, тіліне, әдебиеті мен мәдениетіне деген қызығушылықтың арта түскендігінің куәсі бола отыра, Елшілік 2008 жылы тамызда Джамиа Миллия университетімен бірігіп «Қазақ тілі мен Қазақстантану орталығын» аталған университет қабырғасында ашты. Осы Орталық арқылы Үндістан халқы Қазақстанды пайдалы қазбаларға бай ел ретінде қарастырғанмен оның мәдениеті мен өнері жайлы толыққанды ақпарат алып, Қазақстан жайлы білімдерін толықтыруда.

Елшілік тарапынан жүргізіліп отырған қомақты істердің бірі Дели қаласында орналасқан Абай Құнанбайұлы көшесіне ұлы ғұламаның бюстін орнату жұмыстары болып табылады.

Үндістанның техникалық-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы (ITEC) шеңберінде 2012 жылы шамамен 20 шақты қазақстандық мамандар менеджмент, экономика, қаржы, ауыл шаруашылығы, энергетика, су ресурстарын басқару, БАҚ және компьютерлік технология салаларында үндістандық жоғары оқу орындарында білім алды.

Қазақстан-үнді ынтымақтастығының потенциалын жүзеге асыру Қазақстанға екіжақты қарым-қатынас тұрғысынан да, мемлекетіміздің мүдделерін халықаралық сахнада ілгерілетуде де саяси және экономикалық тиімділігін көрсетеді.

Қорытынды ретінде Үндістан халықаралық сахнада негізгі рөл ойнайтын мемлекеттердің бірі ретінде Қазақстан үшін азиялық құрлықтағы маңызды серіктес болып қала беретіндігін атап өту қажет. Осы орайда, Орталық Азия өңірі мен ТМД-ғы жетекші мемлекет, сондай-ақ халықаралық өмірдің белсенді қатысушысы ретіндегі Қазақстан үшін осы жаңа Азиялық державамен саяси және экономикалық қатынастарын көтеру және осы орайда Қазақстанның азиялық бағыттағы сыртқы саясатын әртараптандыруын жалғастыру маңызды болуда.